

# ТӨРЛЕТ НАУРЫЗ ТӨРІМЕ!

20 наурыз  
2026 жыл  
№ 11 (5962)



# НҰРАТАҢҒЫ

Аудандық қосалдық – саяси газеті

Газет  
1932  
жылдан  
бастап  
шығады

«Наурызанама-2026»

## Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, ырыс пен ынтымақтың, береке мен бірліктің бастауы.

Бұл күн – халқымыздың сан ғасырлық салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарын ұлықтайтын ерекше мереке.

Ата-бабамыздан мирас болған осы ұлы мереке әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш, ырыс пен молшылық әкелсін. Әр отбасыға амандық, денсаулық, бақыт пен береке тілеймін.

Біздің ауданымыздың өсіп-өркендеуі – сіздердің еңбектеріңіздің нәтижесі. Бірлігіміз бекем, тірлігіміз берекелі болсын!

Алдағы уақытта да өңіріміздің дамуы жолында бірлесе еңбек етіп, жаңа жетістіктерге жете берейік.

Ұлыс оң, ақ мол болсын!  
Наурыз құтты болсын!

Б.Мұқанов  
Нұра ауданының әкімі  
Қ.Жүнісбеков  
Нұра аудандық мәслихат  
төрағасы

## Уважаемые жители района!

От всей души поздравляем вас со светлым весенним праздником — Наурыз мейрамы!

Наурыз — это праздник обновления и возрождения, символ единства, благополучия и согласия. Этот день занимает особое место в нашей культуре, олицетворяя богатое духовное наследие и многовековые традиции нашего народа.

Пусть этот великий праздник принесёт в каждый дом радость и тепло, достаток и благополучие.

Желаем всем крепкого здоровья, счастья, мира и процветания!

Развитие и процветание нашего района — это результат вашего труда и сплочённости. Пусть наше единство крепнет, а совместные усилия приносят новые достижения и успехи!

Пусть Наурыз принесёт добро и изобилие в каждый дом!

С праздником вас!

Б. Муканов  
Аким Нуринаского района  
К. Жунусбеков  
Председатель Нуринаского  
районного маслихата

## Наурыз – береке мен бірліктің бастауы



Наурыз мейрамы – халқымыздың сан ғасырлық тарихымен тамырласқан, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді дәріптейтін ұлық мереке. Табиғат түлеп, күн мен түн теңесетін бұл кезең – жаңару мен жасампаздықтың, береке мен бірліктің бастауы. Осыған орай, Наурызнаманың онкүндігі аясында Нұра кентіндегі Жастар алаңында мазмұнды да тағылымды мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып, аудан тұрғындарына ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Мерекелік бағдарлама 14 наурыз – Көрісу күнінен бастау алды. Бұл күні жұртшылық бір-бірімен көрісіп, ақжарма тілектерін арнап, татулық пен ізгіліктің үлгісін көрсетті. Мәдениет саласының өнерпаздары сахнада әсерлі театрландырылған қойылым ұсынып, қазақ халқының бай салт-дәстүрін кеңінен насихаттады. Әсем әндер шырқалып, ұлттық билер орындалып, алаңға жиналған көпшілік ерекше әсер алды. Киіз үйде жайылған ұлттық дастарқаннан қонақтар наурыз көжеден дәм татып, ортақ қуанышқа бөленді.

15 наурыз – «Қайырымдылық күні» аясында ұйымдастырылған шаралар да мазмұнға бай болды. Алаңға тігілген киіз үйлерде білім беру сааласының ұжымдары ұлттық тағамдардан дастарқан жайып, қазақ халқының қонақжай дәстүрін паш етті. Мектеп мұғалімдері мерекелік әндер орындап, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар, Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясының ұстаздары «Тұсау кесу» және «Қыз ұзату» дәстүрлерін сахналық қойылым арқылы көрермен назарына ұсынды.

жалғасы 2-бетте

Паводок – 2026

## Паводок под контролем



Весенний период — время обновления природы и оживления жизни. Однако для населённых пунктов он становится серьёзным испытанием, требующим высокой ответственности. Резкое таяние снега, разливы рек и водоёмов увеличивают риск подтопления, что требует своевременного и качественного проведения профилактических мероприятий. В этой связи подготовка к весеннему паводку является одной из важнейших задач для каждого сельского округа.

В рамках данной работы аким Нуринаского района Бахытжан Муканов совершил рабочую поездку по населённым пунктам, подверженным риску подтопления, где ознакомился с ходом подготовки к весеннему периоду. Были охвачены села имени К. Мынбаева, Кантай, Акмешит, Кертинды, Тассуат, Заречное, Карой, Байтуган, Шахтёр, Егинды, Ахмет и Кобетей.

продолжение на стр. 2